



Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ЕЛОРДА ТӨРІНДЕ

Биыл Астанаға 20 жыл толады. Осы бағытта біздің газет «20 жылдың 20 сәті» деген жаңа айдар ашты. Онда бас қала шежіресіндегі елеулі, маңызды сәттер сөз болады. Соған орай елордаға еліміздің мемлекеттік рәміздері қалай жеткізілгені жайында қалам тартуды жөн көрдік. Адам өмірінде бір ұмытылmas сәттер болады. Менің есімде, сондай сәттердің бірі – Ақмоланың Астана болып жарияланғаны. Ол кезде мен қаладағы ауыл шаруашылық институтының 2-курсында оқимын. Шағын шаһардың бас ордаға айналған оқиғасының қуәсі болдым. Алдымен Арқа төсіндегі қалаға Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері: Мемлекетті Ту, Елтаңба және Президент Штандарты жеткізілді.



Жә, бәрін басынан тізбелейік. 1997 жылдың 20 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» жарлығы шықты. Осы жаңалыққа қатты қуандық. Студенттер бірімізден-біріміз сүйінші сұрап, бөркімізді аспанға аттық. Бір түнде ақмолалық болып ұйықтап, астаналық болып оянғандай әсерде болдық. Содан екі апта өткенде, яғни, 8 қарашада елдің бас ордасы атанған Ақмолаға Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер эталондары мен Президент байрағы салтанатты жағдайда жеткізілді. Салтанатты шара, қалалық әкімшіліктің алдындағы алаңда өтті. Біз ол алаңға қолымызға көк байрағымызды ұстап ерте келдік. Курс-курспен сапқа тұрып, айтулы сәтті тостық. Жастардың бәрі көңілді, ерекше шатты күйде болды. Дәл сол күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Алматыда Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері және жиынға арнайы шакырылған қонақтардың алдында сөз сөйлеп, мемлекеттік рәміздер эталондары мен Президент байрағын жаңа

астанаға аттандыруға бұйрық берді. Тұстен кейін Мемлекет басшысы мінген ұшақ Ақмола топырағына қонды. Мәртебелі қонақтарды сол кездегі облыс әкімі Жәнібек Кәрібжанов, Үкімет басшысы Нұрлан Балғымбаев, Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбайұлы, Парламент Сенатының төрағасы Әмірбек Бәйгелді, Мәжіліс төрағасы Марат Оспанов және жаңа елорда қаласының басшысы Аманжол Бөлекпаев пен қала тұрғындары қарсы алды. Ерейментаулық ақын Сайлау Байбосын қонақтарға жырдан шашу шашты. Салтанатты рәсім тұстен кейін, сағат 15.00-де басталды. Жиынды облыс әкімі Жәнібек Кәрібжанов кіріспе сөзбен ашты. Содан кейін Республикалық Ұланның қолбасшысы Сәт Тоқпақбаев Алматыдан жеткізілген мемлекеттік рәміздер эталондарын Елбасыға табыс етті. Осы сәттегі зенбіректің қуатты дауысымен серпілген көк туымыз көк аспанда желбірей көтерілді.

Салтанатты шарада Нұрсұлтан Назарбаев: – Бүгін Астана мәртебесіне ие болған қасиетті Ақмоланың жұлдызыда сағаты соқты. Бұлай деуімнің өзіндік сыры бар. Ақмола – өз тарихында маңызы орасан зор талай қоғамдық-саяси оқиғалардың қуәсі болған қала. Қазактың қасиетті мекені болған Сарыарқа төсіндегі бұл қала даңқты тың игеру кезіндегі талай жұрттың өкілдерін жатсынбай бауырына басқан, құтты мекеніне айналған. Ендігі жерде ол тәуелсіздікті нығайтудың, мемлекеттілікті орнықтырудың, әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғырудың кіндігіне айналмақ. Және оның біздің мұратымызды ойдағыдай іске асыруға жәрдемдесеріне көзіміз әбден жетеді. Ендеши, тың игеру кезіндегіден бір кем түспейтіндей іс жасап, қажыр-қайрат, ықылас пен ынтымақ танытуымыз керек. Бүгіннен бастап Астана тұрғынына айналған ақмолалықтардың осындай биік тұрғыдан көрінетініне сенеміз, – деді Елбасы.

Мемлекет басшысының сөзінен кейін жиналған жұрт бір-бірін құттықтап, ел өміріндегі тарихи күнді бастан кешіріп жатқандығын түйсінді. Одан кейін сол кезде жасы 90-нан асқан қаланың қарт тұрғыны, батагөй қария Мұқат Мейірманұлы бастаған бір топ ақсақалдар жаңа астананың болашағына ақ жол тілеп, бата берді. Елбасының иығына шапан жауып, елорданың кілтін тапсырды.

Міне, осы оқиғаның бәрі әлі де көз алдында тұр. Сол кезде менен біреу: «20 жылдан кейін астананы қалай елестетесіз» десе, не айтарымды білмес едім. Уақыт – жүйрік. Бүгінде бас қала адам танымастай өзгерді. Ал сол тарихи күн менің жадымнан ешқашан өшпейді.